

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 1

Құтарыс ауылы

11.09.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 4) Педагог мамандар –14 адам;
- Барлығы: 17 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұйымдасқан оқу қызметін құрастыру және бөлінуін нақтылау (сабақ кестелері).
2. Барлық жас ерекшелігі топтарындағы күн тәртібін бекіту

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова – жаңа оқу жылына орай, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» №195 бұйрығына сәйкес, осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде Ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) кестесі «Балбөбек» кіші тобында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 11 сағат, вариативтік компоненттен 1 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2 сағат, жылына 72 сағат, «Шығармашылық білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, жалпы апталық сағат жүктемесінің көлемі 324 сағат, ҰОЖ-на сәйкес апталық және жылдық жүктеме сағат санына 324 сағатты құрайды.

«Балапан» және «Қошақан» ортаңғы топтарында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 11 сағат, вариативтік компоненттен 1 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 2 сағат, жылына 72 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат, «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Әлеумет» білім беру саласы аптасына 0,5 сағат, жылына 18 сағат, жалпы апталық сағат жүктемесінің көлемі 396 сағат, вариативтік компоненттен 1 сағат, жылдық 36 сағат, барлығы 432 сағат, ҰОЖ апталық және жылдық жүктеме 432 сағат санын құрайды.

«Айгөлек», «Жұлдыз» және «Балдәурен» ересек топтарында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 12 сағат, вариативтік компоненттен 2 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат, «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша аптасына 3,5 сағат, жылына 126 сағат, «Әлеумет» білім беру саласы аптасына 0,5 сағат, жылына 18 сағат, жалпы апталық сағат жүктемесінің көлемі 396 сағат, вариативтік компоненттен 2 сағат, жылдық 72 сағат, барлығы 432 сағат, ҰОЖ апталық және жылдық жүктеме 504 сағат санын құрайды.

«Балауса» мектепалды даярлық топтарында ҰОҚ жалпы жүктеме көлемі 17 сағат, вариативтік компоненттен 3 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 108 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 5 сағат, жылына 180 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 90 сағат,

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша аптасына 5 сағат, жылына 180 сағат, «Әлеумет» білім беру саласы аптасына 1,5 сағат, жылына 54 сағат, жалпы апталық сағат жүктемесінің көлемі 612 сағат, вариативтік компоненттен 3 сағат, жылдық 108 сағат, барлығы 720 сағат, ҰОЖ апталық және жылдық жүктеме 720 сағат санын құрайды. Сабақ кестесі осылайша заң талаптарына негізделіп жасалынғаны, жылдық сағат сандары анықталып, бекітілуге ұсынылды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша әдіскер Ж.Исмаилова педагогикалық кеңесте бекітілген күн тәртібімен таныстыра келіп, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылдың 6 мамырда №10975 «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы қаулысына сәйкес жаңа оқу жылына топтарғадың жас ерекшеліктеріне ескере отырып күн тәртібі бекітілгендігін айтты. Онда, балабақшаның жұмыс мерзімі 10,5 сағат болып бекітіліп, осы аралықта атқарылатын жұмыстар кезеңі анықталғандығын. Атап айтқанда, балаларды қабылдау, тексеріп-қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындаргигиеналық шаралар, таңғы асқа дайындық (гигиеналық шаралар), таңғы ас, дербес әрекет, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық, ұйымдастырылған оқу қызметі, үзілісті қоса алғанда, үлкендер мен балалардың бірлескен іс-әрекеті, екінші таңғы ас - таңғы асқа дайындық (гигиеналық шаралар), екінші таңғы ас, «Табиғат аясына бірге барамыз» серуенге дайындық, серуен, серуеннен оралу, гигиеналық шаралар, «Ас дәмді болсын» - түскі ас, «Тәтті ұйқы» - түскі ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы, «Ұйқыдан ояну және сергіту» - ұйқыдан тұрғызу. ауа, су емшаралары сергіту жаттығулары, шынықтыру шаралары, ойындар, «Ас дәмді болсын» - бесін ас, «Алақай, ойнаймыз!» - сюжеттік, рөлдік, шығармашылық, дидактикалық және қимыл-қозғалыс ойындары, серуенге дайындық, серуен, серуеннен оралу, «Қош бол, балабақша!» - балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас, еркін ойындар, балалардың үйге қайтуы болып түзілді. Осы күн тәртібіне сәйкес балалардың бөбекжайдағы күн режимінің барысы анықталын, жұмысты ұйымдастыру келісілді.

Жиналыс шешім етті:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырыдағы № 195 бұйрығы негізіндегі үлгілік оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі түзілсін;
2. Бөбекжай топтарының жас ерекшеліктеріне сәйкес түзілген сабақ кестесінің жылдық жүктемеге сәйкестігі кесте бойынша бекітілсін;
3. Күн тәртібі бекітілген кестеге сәйкестендіріп жүргізілсін, күн режимі 10,5 сағатты құрасын;
4. Ата-аналарға сабақ кестесі, күн тәртібі, ата-аналарға арналған ережелер таныстырылсын;
5. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болып бекітілсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 2

Құтарыс ауылы

07.10.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3)
 - 4) Педагог мамандар –10 адам;
- Барлығы: 12 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Барлық топтарда бастапқы диагностика өткізу

Күн тәртібінің мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2021-2022 оқу жылындағы бастапқы мониторинг нәтижелеріне тоқталды. Онда, денсаулық білім саласы бойынша 2020-2021 оқу жылының бастапқы мониторингінде көрсеткіші – 59,43 пайыз болса, биылғы жылы 65,14 пайызды құрап отыр. Ал, қатынас саласында өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 62,29 пайызды көрсетсе, биылғы оқу жылында – 58,29 пайызды көрсетуде. Таным саласы бойынша өткен оқу жылында – 61,14 пайыз болса, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 66,86 пайызды құрауда. Шығармашылық саласы бойынша өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 60,57 пайыз болса, биылғы жылы – 62,86 пайыз болуда, ал, әлеумет саласы бойынша өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 51,43 пайызды көрсетсе, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 48,57 пайызды құрауда. Былтырғы оқу жылында топтардың жас ерекшеліктері бір кіші, екі ортаңғы, үш ересек және бір мектепалды даярлық тобы болса, биылғы оқу жылында бір ерте жас тобы, бір кіші тобы, екі ортаңғы, екі ересек және бір мектепалды даярлық тобы болып жасақталған. Жас ерекшеліктері былтырғы оқу жылына қарағанда төмендеген, дегенмен қатынас, әлеумет білім салаларында пайыздық көрсеткіштердің кемуі байқалады. Ондағы себеп, топтардың жас ерекшеліктерінің төмендеуінен деп ойлаймыз. Себебі, ерте жас тобы жаңадан топтастырылғандықтан әлі де сөйлеуі және әлеуметтік ортаға бейімделу процесінің енді жүріп жатқандығынан деп топшалаудамыз. Алдағы уақытта жұмыс жоспарымызға қатынас және әлеумет білім салаларын нығайту үшін іс-шаралар түзіліп, шараларын жолға қоюға шақырды. Балалардың жеке даму картасын толтырып, I және II деңгейді көрсеткен тәрбиеленушілермен жеке жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Жиналыс шешім етті:

1. Барлық топтарда Үлгілік оқу бағдарламасының игерілуі бойынша өткізілген бастапқы мониторинг диагностикасы басшылыққа алынсын;
2. Бастапқы мониторинг нәтижесіне сәйкес балалардың жеке даму картасы түзілсін;
3. Жеке даму картасына сәйкес I,II деңгейді көрсеткен балалармен жеке жұмыстар жүргізілсін;
4. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болып бекітілсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 3

Құтарыс ауылы

05.11.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Педагог мамандар –16 адам;
- Барлығы: 18 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ашық сабақтар (педагогикалық тәжірибені тарату)
2. Барлық топтар бойынша сабақтарға қатысу
3. Педагогикалық үдерісті жаратқандыру

Күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2021-2022 оқу жылындағы педагогтардың ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу кестесімен таныстырды. Атап айтқанда, тәрбиеші Г.Жунусбаева және М.Төлеген – қараша айында, тәрбиеші Д.Муталиева және Ә.Рахымбаева – желтоқсан айында, тәрбиеші Р.Бекеева және психолог Ж.Умирова қаңтар айында, тәрбиеші Г.Исаева және А.Мирзахметова – ақпан айында, тәрбиеші Л.Рустемова және М.Суюнова – наурыз айында, тәрбиеші К.Дарибаева және Н.Жакипова – сәуір айында, музыка жетекшісі А.Оразбаева балалардың өнері бойынша есеп – сәуір айында өткізетіндігі таныстырылды. Барлығына сәттілік тілеп, алдағы жұмыстарын ойдағыдай, әдістемелік құралдарды, методикалық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып өткізуге шақырды.

Күн тәртібінің келесі мәселесіне көшкен әдіскер Ж.Исмаилова жас мамандарды аталған ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысуды, білікті тәрбиешілердің өзық іс-тәжірибелерін үйрену үшін барлық ашық ұйымдастырылған оқу қызметін бағалауды тапсырды. Сондай-ақ, үйренген әдістемелік әдіс-тәсілдер бойынша жас мамандар да өз топтарында тәжірибе жүргізу қажеттігі, өздеріне бағалау жасауына жұмыс жүргізуді ұйымдастыру қажеттігін айтып өтті.

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Д.Муталиева педагогикалық үдерістерді жаратқандыру мәселесі бойынша өз ойымен бөлісті. «Педагогикалық үдеріс» ұғымын ғылымға алғаш рет 1904 жылы П.Ф. Каптерев ендірі – дей келе, «Педагогикалық үдеріс – өзінің табиғатында өзіне-өзі әрекет жасай алатын қоғамдық жеке тұлғаның жан-жақты жетілуі». П.Ф. Каптерев педагогикалық үдерісті әртүрлі қырлар мен құралдардан тұратын біртұтас құбылыс ретінде түсіндіріп, оның оқыту, білім, тәрбие беру, үйрету, дамыту, бағыт беру, жандандыру, жазалау кезеңдері болатынын атап көрсетті. М.А. Данилов «Педагогикалық үдеріс – көптеген үдерістердің ішкі байланысқан жиынтығы, оның мәні тәрбие арқылы адамның әлеуметтік құнды сапасына айналатындығы» деген анықтама береді. Педагогикалық үдерістің негізгі сипаттамасы оның біртұтастығында. Оның барлық құраушылары бір мақсатқа бірігеді: білім берушілік, дамытушылық, тәрбиелік. Педагогикалық үдерістің тұтастығы жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту, дамыту мақсаттарының бірлігімен және нақты оқу-тәрбие үдерісінің барысымен сипатталады. Оның барлық құрамаларының бір мақсатқа бағынатынын айқындайтын тұтастық. Сонымен қатар, педагогикалық үдерістің тұтастығы, педагогикалық үдерістің зандылықтары, педагогикалық үдерістің кезеңдері, педагогикалық инновациялар, қазіргі мектеп мұғалімі сияқты жүйе ретінде де қарастырылады. Педагогикалық үдерістің қозғаушы тетіктері (құралдар, формалар, әдістер мен тәсілдер немесе технология). Педагогикалық үдеріс – мақсат пен мүддені анықтаудың жалпы әдіснамасы негізінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың мазмұн, түр, әдіс-тәсілдерінің, дидактикалық

талаптарының педагогикалық-психологиялық нұсқауларының жиынтығы. Педагогикалық үдерістің тәрбиелік тетіктері – педагогтар мен оқушылар арасындағы, ұжым ішіндегі қарым-қатынастар. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің негізгі қағидалары бүгінгі күнде тәрбиеленушінің өз күшімен жетістікке жету мүмкіндігіне басшылық жасау тәрбие берудің басымдық рөлін арттыруда екендігін айтып өтті. Сондықтан балаларға ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу барысында әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып ұйымдастырған, соның нәтижесін ұғынған дұрыс деп сөзін аяқтай келе, көрнекілік құралдарының алатын орны ерекшелігін бөлекше атап өтті.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиешілерге биылғы оқу жылының жоспарына сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу кестесі бекітілсін;
2. Жоспарға сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізілсін;
3. Ашық оқу қызметтеріне педагогтар, жас мамандар, мекептің бастауыш сынып мұғалімдері мен ата-аналар қатыстырылсын;
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне бағалау парақтары толтырылсын, мектеп мұғалімдері мен ата-аналардан ұсыныс, пікірлер алынсын;
5. Жоспарға сәйкес өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үздік деп талыған жұмыстар педагогикалық кеңесте қаралып, балабақша ішлік тәжірибе таратылсын;
6. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Ж.Исмайловаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмайлова

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 4

Құтарис ауылы

07.12.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмайлова – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Педагог мамандар –9 адам;
- Барлығы: 11 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ашық сабақтар (педагогикалық тәжірибені тарату)
2. Барлық топтар бойынша сабақтарға қатысу

Күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмайлова 2021-2022 оқу жылындағы педагогтардың ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу кестесіне сәйкес қараша айында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің барысы, оны өткізген тәрбиешілердің іскерлік деңгейлері талқыланды. «Қошақан» ортаңғы тобының тәрбиешісі Г.Жунусбаева – «Тәулік кезеңдері» таным білім саласы бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Мақсаты: Балалардың тәулік кезеңдерін үйрету. Тәулік кезеңдерінің аталымдарын, ұзын-қысқа, ұзақ-жақын, күндіз – түн мезгілдерін үйрету. күтілген нәтиже: балалар тәулек мезгілін атауды үйренеді. Қазақша атауларын да түсіндіру. Мақсатына жету барысы: барлығы да өз деңгейіне, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түзілген, мақсат нақты қойылған, балаларды өзіне тарта алды. Педагоға тән дауыс ырғағы жағымды. Уақытпен санаса отырып, сергіту сәттерін де тақырыпқа сәйкестендірген. Жалпы алғанда алқалық топтың шешімі жоғары деңгейде өткізілді деп бағаланды. Ал, тәрбиеші М.Төлеген «Балдәурен» ересек тобында «Анамызға көмек» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Барлығы да өз деңгейінді. Алға қойған мақсатына жете алды.Қатынас білім саласы бойынша өткізді, ертегі желісімен, ойындар ойната отырып, жапсыру, сурет салу шығармашылығын қолдана отырып өткізді. Өте әсерлі өтті. Ата-аналарға, бастауыш сынып мұғалімдеріне де ұнады. Өте жақсы деңгейде өткізілді деп бағаланды.

Күн тәртібінің келесі мәселесіне көшкен әдіскер Ж.Исмайлова жас мамандарды аталған ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысуды, білікті тәрбиешілердің өзекті іс-тәжірибелерін үйрену үшін барлық ашық ұйымдастырылған оқу қызметін бағалауды тапсырды. Сондай-ақ, үйренген әдістемелік әдіс-тәсілдер бойынша жас мамандар да өз топтарында тәжірибе жүргізу қажеттігі, өздеріне бағалау жасауына жұмыс жүргізуді ұйымдастыру қажеттігін айтып өтті.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші Г.Жунусбаеваның «Қошақан» ортаңғы тобына «Тәулек кезеңдері» тақырыбында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын;
2. Тәрбиеші М.Төлегеннің «Балдәурен» ересек тобына «Анамызға көмек» тақырыбында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын;
3. Осы ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінде пайдаланылған методикалық әдіс-тәсілдер тәжірибесі балабақша ішілік таратылсын;
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне бағалау парақтары толтырылсын, мектеп мұғалімдері мен ата-аналардан ұсыныс, пікірлер алынсын;
5. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Ж.Исмайловаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмайлова

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 5

Құтарыс ауылы

14.01.2022 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Педагог мамандар – 9 адам;
- Барлығы: 11 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ашық сабақтар (педагогикалық тәжірибені тарату)
2. Барлық топтар бойынша сабақтарға қатысу

Күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2021-2022 оқу жылындағы педагогтардың ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу кестесіне сәйкес желтоқсан айында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің барысы, оны өткізген тәрбиешілердің іскерлік деңгейлері талқыланды. «Айгөлек» ортаңғы тобының тәрбиешісі Ә.Рахымбаеваның – «Рәмізіммен мақтанам!» қатынас білім саласы бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Мақсаты: Балалардың отансүйгіштікке, елін-жерін қорғауға үйрету, патриоттық сезімін ояту болса, осы мақсатқа жету барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспар түзілген, мақсат нақты қойылған, балаларды өзіне тарта алмады, балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне қызығушылығы төмен болды. Шаттық шеңбері, сергіту сәттері ұтымды жоспарланбаған. Педагоға тән дауыс ырғағы жағымды. Уақытпен санаса отырып жұмыс жасамағандығы байқалды. Балалармен ойын ойнатыла отырып ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді. Мақсатқа жету жолын оңтайлы жүргізе алмады. Жалпы алғанда алқалық топтың шешімі қанағаттанарлық деңгейде өткізілді деп бағаланды. Ал, тәрбиеші Д.Муталиева «Нан қайдан келеді?» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Мақсаты нақты қойылған, балалардың қол моторикасын дамыту үшін дөңдерді пайдаланған, танымын арттыру мақсатында пайдаланылған көрнекіліктері оқу қызметі тақырыбына сай таңдалған. Балалар ертегі желісімен нанның жасалу жолдарын, қайдан алатындығын, барлық мағлұматты игерді. Өте жоғары деңгейде өткізілді деп бағаланды.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші Д.Муталиеваның «Балауса» МАД тобына «Нан қайдан келеді?» тақырыбында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын;
2. Тәрбиеші Ә.Рахымбаеваның «Айгөлек» ортаңғы тобына «Рәмізіммен мақтанам!» тақырыбында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі қанағаттанарлық деп бағалансын;
3. Тәрбиеші Ә.Рахымбаева әлі де педагогикалық тәжірибесін шыңдай түссін;
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне бағалау парақтары толтырылсын, мектеп мұғалімдері мен ата-аналардан ұсыныс, пікірлер алынсын;
5. Жоғары деңгейде бағаланған педагогтардың іс-тәжірибесі балабақша ішілік таратылсын;
6. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 6

Құтарыс ауылы

04.02.2022 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Педагог мамандар – 14 адам;
- Барлығы: 16 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ашық сабақтар (педагогикалық тәжірибені тарату)
2. Барлық топтар бойынша сабақтарға қатысу
3. Педагогикалық үдерісті жарақтандыру

Күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2021-2022 оқу жылындағы педагогтардың ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу кестесіне сәйкес қаңтар айында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің барысы, оны өткізген тәрбиешілердің іскерлік деңгейлері талқыланды. «Балапан» кіші тобының тәрбиешісі Р.Бекеева – «Ертегі әлеміне саяхат» тақырыбында қатынас білім саласы бойынша саяхат ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Мақсаты: Балаларды ертегі тыңдай білуге, кейіпкерлерді жақсы не жаман екендігін ажырата алуға үйрету, адамгершілік қасиет, осы мақсатқа жету барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспар түзілген, мақсат нақты қойылған, балаларды өзіне тарта алмады, балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне қызығушылығы төмен болды. Шаттық шеңбері, сергіту сәттері ұтымды жоспарланған, дегенмен балалар оқу қызметіне өте селқос қатысты. Ертегі кейіпкерлерін балаларға сомдата алмады. Өйткені, жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспар түзілмеген. Алдағы уақытта кемшіліктерді жойып, жұмыс жасау ұснылды. Жалпы алғанда алқалық топтың шешімі қанағаттанарлық деңгейде өткізілді деп бағаланды. Ал, психолог Ж.Умирова балалармен «Жылылық жүректен» тақырыбында тренинг өткізді. Балаларға жақсы қарым-қатынас жасау жолдарын, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуді. Достыққа адалдық, кішіге қамқор болуды ойын арқылы қызықтыра отырып үйретті, балалардың бір-біріне деген жылылық, құрмет, адамгершілік қасиеттерін оятуға тырысты. Тренинг өте жақсы деңгейде өткізілді. Қатысқан ата-аналар мен бастауыш сынып мұғалімдері алғыстарын білдірді.

Педагогикалық үдерістерді жарақтандыру мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Д.Муталиева іс-әрекеттерді балаларға қызықты әрі тартымды ұйымдастырылған оқу қызметтерін өту үшін, балалардың режимдік уақыттарын жақсы өткізулері үшін ойыншықтар, далаға арналған ойыншықтар алынса, кітаптар, көрнекіліктер жасалынса деген ұсыныс айтылды.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші Р.Бекееваның «Балапан» кіші тобына «Ертегілер әлеміне саяхат» тақырыбында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. Психолог Ж.Умированың «Жылулық жүректен» тренингі жоғары деңгейде өткізілді деп бағалансын;
3. Тәрбиеші Р.Бекеева әлі де педагогикалық тәжірибесін шыңдай түссін;
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне бағалау парақтары толтырылсын, мектеп мұғалімдері мен ата-аналардан ұсыныс, пікірлер алынсын;
5. Жоғары деңгейде бағаланған педагогтардың іс-тәжірибесі балабақша ішілік таратылсын;
6. Ж.Умирова балалармен, ата-аналармен, педагогтармен тренингтер, әңгімелесулер өткізсін;
7. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 7

Құтарыс ауылы

10.03.2022 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Педагог мамандар – 12 адам;
- Барлығы: 14 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ашық сабақтар (педагогикалық тәжірибені тарату)
2. Барлық топтар бойынша сабақтарға қатысу

Күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2021-2022 оқу жылындағы педагогтардың ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу кестесіне сәйкес ақпан айында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің барысы, оны өткізген тәрбиешілердің іскерлік деңгейлері талқыланды. «Балдәурен» ересек тобының тәрбиешісі А.Мирзахметова – «Айлакер түлкі» тақырыбында қатынас білім саласы бойынша театрландырылған оқу қызметін өткізді. Онда, балалардың сюжеттік рөлдік ойындарды ойнай отырып, ертегі кейіпкерлерін тану, олардың жақсы қасиеттерін меңгеруді үйренеді. Оқу қызметі барысында сюжеттік рөлдерді сомдай отырып, тапсырмаларды орындау арқылы қызықты өткізді. Тәрбиешінің ұйымдастыруы өте жақсы, дауыс ырғағы жағымды, бірақ, дыбыстарды дұрыс айтып үйренуі қажет. Алқалы топтың шешімі бойынша жақсы деңгейде өткізілгендігі айтылды. Ал, тәрбиеші Г.Исаева ашық оқу қызметін өткізбеді. Себебі, дайындығы төмен деңгейде болғандықтан өз өтініші бойынша алдағы уақытта жақсы дайындықпен өткізетіндігін айтып, кешірім сұрағандықтан алқалы отырыстың мүшелері ауызша ескерту беруді ұсынды.

Ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу туралы сөз алған әдіскер Ж.Исмаилова жас мамандарды аталған ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысуды, білікті тәрбиешілердің өзіндік іс-тәжірибелерін үйрену үшін барлық ашық ұйымдастырылған оқу қызметін бағалауды тапсырды. Сондай-ақ, үйренген әдістемелік әдіс-тәсілдер бойынша жас мамандар да өз топтарында тәжірибе жүргізу қажеттігі, өздеріне бағалау жасауына жұмыс жүргізуді ұйымдастыру қажеттігін айтып өтті.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші А.Мирзахметова «Балдәурен» ересек топқа «Айлакер түлкі» тақырыбында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. Психолог Ж.Умированың «Жылулық жүректен» тренингі жақсы деңгейде өткізілді деп бағалансын;
3. Тәрбиеші Г.Исаеваға жауапкершілікпен жұмысына қарамағаны үшін ауызша ескерту берілсін;
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне бағалау парақтары толтырылсын, мектеп мұғалімдері мен ата-аналардан ұсыныс, пікірлер алынсын;
5. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 8

Құтарис ауылы

08.04.2022 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмайлова – бөбекжай әдіскері;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Педагог мамандар – 15 адам;
- Барлығы: 17 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ашық сабақтар (педагогикалық тәжірибені тарату)
2. Барлық топтар бойынша сабақтарға қатысу

Күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмайлова 2021-2022 оқу жылындағы педагогтардың ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу кестесіне сәйкес наурыз айында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің барысы, оны өткізген тәрбиешілердің іскерлік деңгейлері талқыланды. «Балауса» МАД тобының тәрбиешісі Л.Рустемова – «Адам еңбегі» тақырыбында қатынас білім саласы бойынша театрландырылған оқу қызметін өткізді. Онда, балалардың сюжеттік рөлдік ойындарды ойнай отырып, еңбек түрлерімен кеңінен танысты, еңбек етудің тиімділігін меңгерді. Оқу қызметі барысында сюжеттік рөлдерді сомдай отырып, тапсырмаларды орындау арқылы қызықты өткізді. Тәрбиешінің ұйымдастыруы өте жақсы, дауыс ырғағы жағымды, Алқалы топтың шешімі бойынша өте жақсы деңгейде өткізілгендігі айтылды. Ал, тәрбиеші М.Суюнова ашық оқу қызметін өткізбеді. Себебі, дайындығы төмен деңгейде болғандықтан өз өтініші бойынша алдағы уақытта жақсы дайындықпен өткізетіндігін айтып, кешірім сұрады. Алқалы отырыстың мүшелері ауызша ескерту беруді ұсынды.

Ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу туралы сөз алған әдіскер Ж.Исмайлова жас мамандарды аталған ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысуды, білікті тәрбиешілердің өзіндік іс-тәжірибелерін үйрену үшін барлық ашық ұйымдастырылған оқу қызметін бағалауды тапсырды. Сондай-ақ, үйренген әдістемелік әдіс-тәсілдер бойынша жас мамандар да өз топтарында тәжірибе жүргізу қажеттігі, өздеріне бағалау жасауына жұмыс жүргізуді ұйымдастыру қажеттігін айтып өтті.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші Л.Рустемова «Балауса» МАД тобына «Адам еңбегі» тақырыбында өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын;
2. Тәрбиеші М.Суюноваға жауапкершілікпен жұмысына қарамағаны үшін ауызша ескерту берілсін;
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне бағалау парақтары толтырылсын, мектеп мұғалімдері мен ата-аналардан ұсыныс, пікірлер алынсын;
4. Жоғары деңгейде бағаланған педагогтардың іс-тәжірибесі балабақша ішілік таратылсын;
5. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Ж.Исмайловаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмайлова

Жиналыс хатшысы:



К.Дарибаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2021-2022 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 9

Құтарыс ауылы

12.05.2022 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – бөбекжай
менгерушісі;
 - 2) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 3) И.Абитаева – Бастауыш
кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 4) Педагог мамандар – 16 адам;
- Барлығы: 19 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ашық сабақтар (педагогикалық тәжірибені тарату)
2. Топтар бойынша қорытынды сабақтар байқауы
3. Бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша балалардың білім деңгейін талдау;
4. Оқу жылында атқарылған жұмыс туралы есепті дайындау;
5. ЖСК жоспарын құрастыру;
6. Бітірушілер ертеңгіліктерінің сценарийін талқылау.

Күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2021-2022 оқу жылындағы педагогтардың ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу кестесіне сәйкес сәуір айында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің барысы, оны өткізген тәрбиешілердің іскерлік деңгейлері талқыланды. «Балапан» кіші тобының тәрбиешісі К.Дарибаева – «Артық, кем» тақырыбында таным білім саласы бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Балаларға сандар құпиясын ойындар арқылы үйрете отырып, арық, кем ұғымдарын түсіндіре білді. Ойындар арқылы әр түрлі тапсырмаларды орындады, балалар қызығушылығы арта отырып орындады. Педагогтың дауыс ырғағы жағымды, ұйымдастыруы жоғары деңгейде, ақпараттық құралдарды пайдалана алды. Алқалы отырыстың шешімі бойынша жоғары деңгейде өткізілді деп бағаланды. Тәрбиеші Н.Жакипова «Әдемі әтеш» тақырыбында қатынас білім саласы бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Оқу қызметі ертегі желісімен өткізілді. Мазмұны уақыт кезеңдерін үйрету. Балалар ертегі кейіпкерлерімен кездесіп, уақытты жасырынған сұрақтар арқылы анықтады. Қызықты өткізілді. Шаттық шеңбері уақытқа сай ұйымдастырылған, тәрбиешінің методикалық әдістерді қолдануы өте тиімді болды. Балалардың дағдыларын қалыптастыру, уақыт кеңістігі туралы ұғымын дамыту мақсаты орындалды. Оқу қызметі жоғары деңгейде өткізілді деп бағаланды. Музыка жетекшісінің «Кішкентай жұлдыздар» атты өткізілген ертеңгілігі өте жақсы өткізілді. Балалардың өнері бағаланып, ата-аналардың алғысына бөленді. Ертеңгілік балалардың өнерін шыңдай түсті. Балалар эмоцияналды дамып, тілдік қорын байыуға бар мүмкіндікті пайдалана білді. Алқалық кеңес өте жақсы деген шешім қабылдады.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Д.Муталиева 2021-2022 оқу жылындағы ашық ұйымдастырылған оқу қызметі туралы айтып өтті. Онда, тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін неше рет өткендерін, қандай деңгейде өткендеріне тоқтала келіп, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өтпеген мамандарға да тоқталып өтті. Оларға, ескерту беру қажеттігі туралы ұсыныс айтылды. Жас мамандарға көрсетілетін қызметтердің қаншалықты деңгейде өткізілгендігі, ненні үйреніп, алдағы уақытта қандай істерді үйретуге мән беру керектігін де айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша сөз алған психолог Ж.Умирова бөбекжайдың оқу жылы барысындағы қорытынды мониторинг жұмыстары туралы айтып өтті. Онда, денсаулық білім саласы бойынша 2020-2021 оқу жылының қорытынды мониторингінде көрсеткіші – 75,43 пайыз болса, биылғы жылы 85,14 пайызды құрап отыр. Ал, қатынас саласында өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 73,71 пайызды көрсетсе, биылғы оқу жылында – 74,29 пайызды көрсетуде. Таным саласы бойынша өткен оқу жылында – 76,0 пайыз болса, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 76,57 пайызды құрауда. Шығармашылық саласы бойынша өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 78,29 пайыз болса, биылғы жылы – 81,71 пайыз болуда, ал, әлеумет саласы бойынша өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 58,29 пайызды көрсетсе, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 57,71 пайызды құрауда. Былтырғы оқу жылында топтардың жас

ерекшеліктері бір кіші, екі ортаңғы, үш ересек және бір мектепалды даярлық тобы болса, биылғы оқу жылында бір ерте жас тобы, бір кіші тобы, екі ортаңғы, екі ересек және бір мектепалды даярлық тобы болып жасақталған. Жас ерекшеліктері бытырғы оқу жылына қарағанда төмендеген, дегенмен әлеумет білім салаларында пайыздық көрсеткіштердің кемуі байқалады. Ондағы себеп, топтардың жас ерекшеліктерінің төмендеуінен деп ойлаймыз. Себебі, ерте жас тобы жаңадан топтастырылғандықтан әлі де әлеуметтік ортаға бейімделу процесінің енді жүріп жатқандығынан деп топшалаудамыз. Алдағы уақытта жұмыс жоспарымызға әлеумет білім салаларын нығайту үшін іс-шаралар түзіліп, жұмыс жүргізуге шақырды. Балалардың жеке даму картасын толтырып, I және II деңгейді көрсеткен тәрбиеленушілермен жеке жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Келесі күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған әдіскер Ж.Исмаилова – оқу жылы барысындағы атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Онда, биылғы оқу жылында жеткен жетістіктер мен кемшін қалған тұстарға да тоқталды. Алдағы атқарылатын жұмыстар туралы да айтып өтті. Педагогтардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін айта келіп, жоғары жетістікке жеткен педагогтарға бөбекжай меңгерушісінің алғыс хатын беруді ұсынды.

Күн тәртібі бойынша келесі мәселеге көшкен әдіскер Ж.Исмаилова жазғы сауықтыру кезеңіне жоспар жасауды ұсынды. Өтпелі тақырыптар бойынша жазғы кезеңге тақырыптар анықталды. Маусым айына – «Жайдарлы жаз келді», шілде айына – «Мен және мені қоршаған орта» және тамыз айына – «Өрқашан күн сөнбесін» тақырыптары алынып, осы тақырыптар бойынша апталық тақырыптар анықталды. Маусым айына – 1 апта «Балабақша», 2 апта «Жаз келді көңілді», 3 апта «Жаз мезгілі қызықты», 4 апта «Біз еңбекқор баламыз» болып бекітілді. Ал, шілде айына – 1 апта «Бізді қоршаған әлем», 2 апта «Табиғат әлемі», 3 апта – «Өлі және тірі табиғат», 4 апта «Табиғатты қорғаймыз» тақырыптары алынды. Тамыз айына – 1 апта «Бір шаңырақ астында», 2 апта «Жайнай бер, Қазақстан», 3 апта «Менің Қазақстаным», 4 апта «Біз әдепті баламыз» тақырыптары ұсынылды.

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған «Балауса» МАД тобының тәрбиешісі Л.Рустемова – бітіруші түлектердің ертеңгілік сценарийін оқып беріп, бекітуге ұсынды. Онда, қандай іс-шаралар өтетіндігі барлығы тәптіштеліп дайындалған, балалардың бойына эмоциялық әсер қалдыра алады. Ата-аналар да ескерусіз қалмаған, оларға бала тәрбиесіне жоғары жауапкершілікпен қарағаны үшін деген алғыс хат беру ұсынылған. Бітірушілерге арналған сценарий өте жоғары деңгейде түзілген.

Жиыналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші К.Дарибаева «Балапан» кіші тобына «Артық, кем» тақырыбында өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын;
2. Тәрбиеші Н.Жакипова «Жұлдыз» ересек тобына «Әдемі әтеш» тақырыбында өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын;
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне бағалау парақтары толтырылсын, мектеп мұғалімдері мен ата-аналардан ұсыныс, пікірлер алынсын;
4. Жоғары деңгейде бағаланған педагогтардың іс-тәжірибесі балабақша ішілік таратылсын;
5. Жыл қорытындысы бойынша педагогтардың атқарған жұмыстарына рейтингтік көрсеткіш түзілсін;
6. Балалардың үлгілік бағдарламаларды игеру дағдылары бойынша қорытынды мониторингі бойынша жеке даму картасы жасалынсын;
7. Қорытынды мониторинг қорытындысына сәйкес әлеумет саласы бойынша жұмыстар жүргізілсін;
8. Әдіскер Ж.Исмаилованың «2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар қорытындысы» туралы есебі басшылыққа алынсын;
9. Жазғы сауықтыру кезеңіне өтпелі тақырыптар бекітілсін;
10. Жазғы сауықтыру кезеңіне жоспар түзу тапсырылсын;
11. Бітіруші түлектерге арналған ертеңгілік сценарийі бекітілсін;
12. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Жиыналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиыналыс хатшысы:



К.Дарибаева